

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені

Мамандығы: Құқықтану

Шифр: 5В030100 Құқықтану

Пән: «Заң психологиясы»

**Глоссарий**

1. **Абстракция** – ойлау операцияларының бір негізі, субъекті оқылатын объектінің қандай да бір белгілерін қарастырғанда басқалардан көңілін аландатады.
2. **Дағдылық** – сананың қатысуысыз іске асырылушы әрекет.
3. **Беделдік** – тұлғаның әлеуметтік-психологиялық мінездемесі, ол оның қарым-қатынасындағы серіктестіктеріне өз ықпалын жасауына барынша жоғары бағындыруына ұмтылуынан көрінеді.
4. **Бедел** – жеке тұлғаның ықпалы, ол оның жағдайына, лауазымына, статусына негізделеді.
5. **Агнозия** - қабылдаудың әртүрлі түрлерінің бұзылуы, ол мидың нақты қабынуынан пайда болады.
6. **Аттракция** – адамның біреуінің басқа адамға деген сүйіспеншілігін қабылдауы кезінде пайда болатының білдіретін түсінік.
7. **Абулия** – іс-әрекеттің психикалық реттеуінің патологиялық бұзылуы, ол нақты іс-әрекет пен шешім шығаруға қабілеттің болмауынан, қызметке деген жартылай немесе толық ұмтылыстың, талап, ынтаның болмауынан көрінеді.
8. **Анимус** – К.Г. Юнгтың аналитикалық психологиясының түсінігі, сол арқылы ол санасыз көп жақты психикалық бейнелер мен адам жанының формасының елесі әйел психикасында еркек архетипін болуын анықтады.
9. **Бихевиоризм** – америкалық психологиясының 20 ғасырдағы бағыты, ғылыми зерттеудің пәні ретінде сананы жоққа шығаратын және сыртқы орта стимулдеріне организм реакциясының жиынтығы сияқты мінез-құлық іс-әрекетінің әртүрлі түрлеріне психикалық әсер етуі.
10. **Серігу** – жүйке жүйесінің мінез-құлықтық көрінуі немесе мына немесе басқа қызметті іске асыру жағдайындағы адамның функционалдық күйі.
11. **Сендіру** – адамның психикалық сферасына әсер ететін процесс, ол қабылдау және иландыруды іске асыру кезінде сананың және сынның төмендеуімен бірге адамның мақсатқа бағытталған белсенді түсінігінің болмауымен және субъектінің өткен тәжірибесі мен тап осы күй-жағдайының байланысында бағалау мен қисынды логикалық талдауының болуымен байланысты.
12. **Еске түсіру** - өткен уақыттағы бейнелерді ұзақ уақыттық жадынан шығару және оның уақыт пен кеңістікте ойша жайылуы.
13. **Вундт** – сананың элементтерге бөлшектенуіне және олардың арасындағы заңды байланысқа жинақталуына лабораториялық эксперимент әдістерін пайдаланылатын ерекше ғылым ретінде физиологиялық психологияның өңдеу жоспарын ұсынған неміс психологы.

14. **Әрекет** – сыртқы және ішкі жоспарда іске асырылатын мақсатты белсенділік, қызмет бірлігі.
15. **Ұмыту** – оқылған материалдың еске түсіру мен елестету қабілетінің біртіндеп төмендеуін сипаттайтын процесс.
16. **Идиосикаризация** – кейбір адамдарда басқа адамдарға қарағанда ол затқа тітіркенушілік пайда болатын ауру реакциясы, көтере алмаушылық.
17. **Ырықсыз сезім (инстинкт)** – адамдар мен жануарлардың іс-әрекеттері мен психикасының табиғи компоненттерінің жиынтығы.
18. **Индуктор** – реципиентке хабарлама бағыттайтын субъект.
19. **Инфантилизм** – ересек адамның психикасы мен іс-әрекетінде балалық ерекшеліктердің сақталуы.
20. **Инсайт** – маңызды қатынастар мен жағдайдың жалпы құрлымындағы кенеттен және өткен тәжірибеден шығарылмайтын түсінік, соның нәтижесінде проблемаларды ойлап шешуге қол жеткізуге болады.
21. **Қызығушылық** – тұлғаны қызметтің мақсатын сезінуге бағыттауды қамтамасыз ететін және сол арқылы бағдарлануға, жаңа фактілермен танысуға, шындықтың терең және толық бейнеленуіне әсер ететін тану қажеттілігінің әсер ету формасы.
22. **Интенция** – белгілі бір затқа бағытталған сана, ой.
23. **Ипохондрия** – адамның өзінің денсаулығына деген шамадан тыс назардың болу күйі және емделмейтін дерттің алдындағы қорқыныш сезімі.
24. **Катарсис** – ғанибет алумен байланысты адамға тазалау және әсемдеу арқылы әсердің процесі мен нәтижесі.
25. **Коммуникация** - әлеуметтік әрекеттестіктің мағыналық аспектісі.
26. **Лурия** – 1902-1977 жылдары өмір сүрген, КСРОда нейропсихологияның негізін салған ресей психологы.
27. **Бақылау** – психологиялық құбылыстарды оқу мақсатымен қасақана жүйелі және мақсатты бағытталған қабылдаудан тұратын психологиялық зерттеудің эмпирикалық әдістерінің негіздерінің бірі.
28. **Нейрон** – жүйке жүйесінің морфофункционалдық бірлігі болып табылатын дамыған клеткасы.
29. **Невроз** - тұлғалар арасындағы рұқсат етілген өнімсіз және рационалдықсыз қайшылықтың негізінде жататын, алға қойған мақсат пен мұраттардың орындалмауына, қажеттілікке қанағаттанбауы мен сәтсіздікке ауыр әсерленушілікпен қатар жүретін ең көп таралған нерво-психикалық бұзылу.
30. **Нейролингвистика** – психология, неврология және лингвистикаға шектелген сөйлеу қабілетінің ми механизімі мен бас мидың локалдық бұзылуы нәтижесінде пайда болатын сөйлеу процесіндегі өзгерістерді зерттейтін психологиялық ғылымдардың бір саласы.
31. **Нейропсихология** – психология, медицина және физиологияның жапсарында туындаған, бас мидың локалдық бұзылу материалындағы жоғары психикалық функциялардың ми механизімін зерттейтін психологиялық ғылымдардың бір саласы.

32. **Онтогенез** – жеке тұлғаның жастық шағында психиканың негізгі құрылымының құрылуы.
33. **Операция** – іс-әрекетті атқару әдісі, қызмет бірлігі.
34. **Тану** – бекітілген кластар мен категориялардың біріне объектіні алдын ала жатқызу процесі.
35. **Сана** – қоғамдық-тарихи мән ретінде адамға ғана тән, психологиялық бейнелер мен өздігінен жөнге келудің жоғары деңгейі.
36. **Қабілет** - әртүрлі өнімді қызметті сәтті орындауы шарты болып табылатын, тұлғаның индивидуалды-психикалық ерекшелігі.
37. **Түс көру** – ұйықтау кезінде, әсіресе тез ұйықтау фазасында жиі пайда болатын, көру модальдігі басым болатын субъектінің әсерленуші елесі.
38. **Сократ** – алғаш рет жанды тек адам белсенділігі ғана емес, адамгершіліктің қайнар көзі ретінде қарастырған, жанды жеке тұлғаның адамгершілік идеалына сәйкес әрекет ететін саналы табиғи иесіне ғана тән психикалық қасиеті деп зерттеген грек философы.
39. **Синестезия** – тиісті сезім мүшесіне әсер ететін тітіркендіргіш субъектінің еркінен тыс басқа сезім мүшесіне тән қосымша түйсік немесе елес әкелетін, біріккен сезім, құбылыс.
40. **Тежеу** – жүйке орталықтарын немесе жұмыс органдарының қызметін тоқтатуға әкелетін, қоздырумен тығыз байланысты белсенді процесс.
41. **Шығармашылық** – нәтижесінде жаңа материалдар мен рухани құндылықтар пайда болатын қызмет.
42. **Ойша пайымдау** – бірнеше пікірден кейін шығарылатын, логиканың ережелеріне негізделген қорытынды.
43. **Мақсатты пайда болу** – адам қызметіндегі жаңа мақсаттардың пайда болу процесі, ойлау қабілетінің бір көрінісі.